

Бақытжан Бейсалыұлы Қаратаев

Тексерген: Қалманова Г.Т.
Дайындаған: Нұрғариева І.Е.

Жоспары:

1. Бақытжан Бейсалыұлы Қаратаев.
2. Еңбек жолы.
3. Ерен еңбегі.
4. Қазан төңкерісі жылдарында.
5. Қырғыз әскери революциялық комитеті.



XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси сахнаға азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Сол ірі тарихи тұлғалардың бірі – Бақытжан Бейсалыұлы Қаратаев. Ол – қазақтың алғашқы заңгері, қоғам қайраткері.

Еңбек жолы

- [Орынбор](#) гимназиясын бітіргеннен кейін [Санкт-Петербург](#) университетінің заң факультетіне түседі.
- 1890 ж. оны 2-дәрежелі алтын медальмен үздік бітіреді.
- Петербургта, [Кутаисида](#), Орынборда [тергеуші](#) болып істейді. 1897 жылдан [Оралда](#), [Қаратөбеде](#), [Жымпитыда адвокат](#) болды.
- 1907 ж. 2-Мемлекеттік Думаға [кадеттер](#) тобынан Орал облысынан депутат болып қатысып, жер-су мәселесі бойынша қазақ халқының мүддесін қорғап сөз сөйлеген.
- Ол өзін [большевиктер партиясының](#) қатарындамын деп есептеді.
- 1907-16 жылдары ағартушылық жұмыстармен айналысып, [«Қазақстан» газетін](#), [«Айқап» журналын](#) шығаруға көмектеседі.
- 1918 ж. Орал облыстық атқару комитетінің мүшелігіне сайланды.
- 1918 ж. наурызда «*әскери үкімет*» бүлік ұйымдастырып, облыстық кеңес мүшелерін, (ішінде Қ. та бар) тұтқынға алды.
- 1919 жылы 24 қаңтарда [Чапаев дивизиясы](#) босатып, кейін ол Орал облысы ревкомның құрамында ұлттар коллегиясын басқарды.
- 1919 ж. 24 шілдеде [Қазәсревкомның](#) мүшелігіне тағайындалды.
- 1920 ж. 4-12 қазанда Орынборда өткен Кеңестердің Бүкілқазақстандық 1-съезіне делегат болды. Мұнда қабылдаған Қазақ АКСР-і еңбекшілерінің құқығы туралы декларацияның жобасын дайындауға қатысқан.
- Қазақ АКСР-інің заң комиссары болды. Кеңестердің 2-Бүкілқазақстандық съезіне де делегат болып қатысты. [\[1\]\[2\]](#)

Ерен еңбегі

Халықтың құқын қорғауда көп еңбек сіңірген заңгер Бақытжан Қаратаев большевиктердің қазақ халқына қарсы ұйымдастырған нәубетіне, аштан қырылуына қарсы батыл үн көтеріп, Ақтөбеде халық алдында Бүкілодақтық комитетінің (большевиктер) партиясы Қазақ өлкелік комитетінің 1-хатшысы Ф. Голощекинге қарсы шығып, халықты қырған аштыққа ұрындырған қылмысын бетіне басқан.

Қазан төңкерісі жылдарында

Орал әскери үкіметі бұйрығымен Қаратаевтар ауылынан ешқайда кетуге рұқсат етілмеген Бақытжан Қазан төңкерісін шын ниетімен, батыл жақтап қарсы алды. «Қазан революциясынан кейін, - дейді Бақытжан, - 1918 жылдың наурызына дейін мен өз жолдастарыммен бірге қырда соғыс күшін ұйымдастыруға кірістім. Бұл жұмысқа қоныс аударып келген украиндықтарды да тарттық». («Революция от жалынында», Алматы, 1957, 129-бет).

Большевиктердің басшылығымен шақырылған Орал облыстық кеңесінің I съезі 1918 жылдың қаңтарында Кеңес өкіметін құрып, билікті өз қолдарына алғанын жариялады. 1918 жылы наурыз айында облыстық кеңестің II съезінде атқару комитетінің құрамы сайланды. Б.Қаратаев облыстық атқару комитетінің мүшелігіне өтті және оған юстиция комиссары міндеті тапсырылды. Әскери үкімет наурыздың 29-ында Кеңес өкіметіне қарсы бүлік ұйымдастырды. Билікке келген ақ казактар өкіметі жаңа ғана құрылған, әскери күші әлсіз кеңестердің атқару комитетінің негізгі тобын тұтқынға алды.

Облыстық кеңес мүшелерінің аздаған тобы: Әйтиев, Парамонов, Ипмағанбетов, Қаратаев, Арғыншиевтер Жайық өзенінің сол жақ жағасындағы казак, украин еңбекшілерінің арасына құпия өтіп, күш ұйымдастырды. «Бақытжан ауылына келіп, әскери күш жинау әрекетін жүргізіп жатыр», - деген хабармен жіберілген ақ казак офицерлері 15 сәуірде Б.Қаратаевты тұтқындап, Орал түрмесіне отырғызады. Б.Қаратаев басқа да көптеген большевикпен қара түнек айуандық тәртіптің қатал тұтқынында 285 күндей болды. Абақтыда жатқан кезінде де Бақытжан мойымай, күрес жүргізе берді. 1919 жылы 24 қаңтарда Орал қаласы Чапаев дивизиясының күшімен ақ казактардан босатылды. Босатылғаннан кейін қала митингілерінде, әскерлер арасында Бақытжан әсерлі сөйлеген сөздерімен жеңісті бекіндіруге үлес қосты. Б.Қаратаев Орал облыстық ревкомының құрамында ұлттар коллегиясын басқарды. Өзін 1917 жылдың мамыр айынан бастап большевиктер тобындамын деп санаған Б.Қаратаев 1919 жылы 6 ақпанда РК(б)П қатарына қабылданды. Қалалық партия ұйымының жанынан қатарында 51 мүшесі бар мұсылман секциясы құрылды.

Қырғыз (қазақ) әскери-революциялық комитеті (ҚазРевком)

1919 жылы 10 шілде күні өлкені басқару жөніндегі Қырғыз (Қазақ) әскери-революциялық комитеті құрылды. Бұл Қазақстандағы ең алғашқы жоғары мемлекеттік органы еді.

Қазақ революциялық комитеті құрамына жеті адам кіргізілді. Қазревком төрағасы болып Кеңес өкіметі Наркомнацтың орынбасары С.С.Пестковскийді тағайындады. Мүшелері болып Ә.Жангелдин, С.Меңдешев және басқалары бекітілді. Кейін бұлардың қатарына Б.Қаратаев, Ә.Әйтиев, А.Арғыншиевтер кірді.

1919 жылы 11 қыркүйекте құрылған Орал мен Бөкей қазақтарының революциялық комитетін басқара отырып, Б. Қаратаев қазақтар арасындағы нақтылы үгіт-насихат жұмыстарын кеңейтті. Қыркүйек-қазан айларында Бақытжанның қолымен «Қазақ халқының қайраткерлеріне», «Құрметті қарттарға» және «Керей руының ұлдарына» деген үндеулер жарияланды. Бұл үндеулерінде ол қазақ халқына Кеңес өкіметі туралы шындықты баяндайды.

Азамат соғысы қасіреті кезінде келген ойларды іске асыру мүмкіндігін ол ұтымды пайдаланды. Соғыс жағдайы ғана емес, екі жақта да келісімге келгісі келмейтін қасарысқан жандардың аз болмауы да бұл мақсатты іске асыруды тіптен қиындатты.

Алайда 1919 жылы 24 қазанда Б.Қаратаев Орал облыстық партия комитетіне Алашорданың батыс бөлімшесінде өзінің саяси, бейбіт келіссөз жүргізуге әзір екендігін хабарлады. Көп уақыт өтпей-ақ Ақтөбеде «кеңестік және кеңестік емес қырғыздардың» қатысуымен қазақ халқын бірлестіру жөніндегі I жалпыөлкелік кеңестік конференция өткізілді. Қазақ кеңестік мемлекеттілігін құрудың алғашқы маңызды қадамы жасалды.

1920 жылы 4-12 қазанда Орынборда өткен кеңестердің Бүкілқазақстандық I съезіне Б.Қаратаев делегат болды. Мұнда «Қырғыз (Қазақ) АССР-і еңбекшілерінің правосы туралы декларация» қабылданды. Тұңғыш қабылданған Қазақстан заңдарының біраз жобасы Б.Қаратаевтың қолымен дайындалды. Съезде Қазақ АССР-інің Орталық атқару комитетінің төрағасы болып С.М. Мендешев, Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып В.А.Радус-Зенкович сайланды. Бақытжан Қаратаев Қазақ АССР-інің заң комиссары болып Орынборда қызмет істей бастады. Ол жаңа құрылған комиссариат қызметінің негізін қалаумен қатар, алғашқы декреттердің өмірге келуіне тікелей атсалысты.

Б.Қаратаев Кеңестердің Бүкілқазақстандық II съезіне де делегат болып қатынасады. Құрметті демалысқа шыққаннан соң ол Ақтөбедегі туысқандарына көшеді. 1922-1925 жылдарда Ақтөбе губерниялық сот коллегиясының мүшесі болып қызмет істейді. Өмірінің соңғы жылдарында Батыс Қазақстандағы азамат соғысының тарихын жазумен шұғылданған. 1934 жылы тамыз айының аяқ кезінде Б.Қаратаев Ақтөбеде ұзақ науқастан кейін қайтыс болды.

Өз халқына осыншама еңбегі сіңген абзал ұлдары жөнінде бар дауыспен еркін айтуға тоталитаризм жылдарында мүмкіндіктер болмады. Енді бұл қате көзқарас түзетілуі тиіс. Қазақстанның азаттығы мен Тәуелсіздігі үшін ақылын, ерік-жігерін аямай, бар өмірін сарп еткен мемлекет қайраткерлерінің алдыңғы сапында әрқашанда Бақытжан Бисалыұлы Қаратаевтың есімі аталып, оның жарқын бейнесі халықтың есінде

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы. Алматы, 2002ж
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 5- том .Алматы,2003 ж.
3. Б.Қойшыбаев «Бақытжан Қаратаев» Алматы, «Ана тілі» 1993ж
4. БҚО тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған зерттеуші-ғалым М.Ысмағұловтың зерттеу еңбектерінен

The image features a light gray gradient background with several realistic water droplets of various sizes scattered in the corners. The droplets have highlights and shadows, giving them a three-dimensional appearance. The central text is written in a bold, red, serif font.

Назарларыңызға рахмет!!!